

**"Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 68 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына, 164-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

"Облыс әкімі аппаратының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі" бөлімінде 3-тармақ :

"3. Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының "Шығыс Қазақстан облысының жұмылдыру дайындығын және жұмылдыруды қамтамасыз ету қызметі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі." жаңа редакциясында жазылсын.

2. Облыс әкімі аппаратының басшысына (Б.К. Байахметов):

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Б.К. Байахметовке жүктелсін.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*Д. Ахметов*